Бекітілді
«Бөбек» бөбекжай балабақшасы МКҚК
« 1 » 09 2023 ж
қарадыы

# ОРИГАМИ ӨНЕРІ

**«Көгершін»тобына арналған бағдарлама**

**Дайындаған тәрбиеші: Алдашева Л.Ж**

Ақтөбе қаласы
Қарғалы ауданы
«Бөбек» бөбекжай балабақшасы
Көгершін тобының тәрбиешісі
Алдашева Лазат Жаңгелдіқызы
дайындаған «Оригами өнері»

# П І К І Р

Ұсынылып отырған«Оригами өнері» бағдарламасы мектепке дейінгі тобтарына арналған. Тәрбиеленушінің тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп, әлеуметтік эмоционалдық дағдылардың заттары мен құбылыстары арасындағы байланыстар мен заңдылықтарды түсіну мен игеруіне қажетті барлық танымдық қалыптасушы процестерді дамытып, оларды іс-әрекетте қолдана алуын шыңдайтын бірден-бір себепші бағдарлама.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің мектепке дейінгі жалпы білім беру мемлекеттік стандартында оқушылардың қол моторикасын қалыптастыруға сағат аз бөлінген, сондықтан Л.Ж.Алдашева балалардың қол икемділігін дамыту мақсатында аталған бағдарламаны дайындаған.

Бағдарлама мазмұны 4-5жастағы балалардың ерекшелігіне сәйкестендірілген, аптасына 1 сағаттан, барлығы 32 сағат.

Тақырыптық жоспар мазмұны балаға қағазды қатпарлап бүктеуге, қағаздан құрастыру әдістерін қолданып көлемді формадағы жазық материалды өзгерту іскерліктерін бекітіп, ой қорытынды жасай білуге, қалыптасқан жағдайға сәйкес білімдерін қолдана алуға, тапқырлығы мен зейінділігін дамытып, бір тапсырманы шешудің бірнеше тәсілін табуға үйретеді.

## Түсінік хат

«Оригами өнері» жапон тілінен аударғанда «бүктелген қағаз» деген мағынаны білдіреді. Нәзік те, дәл қозғалыстарды игеру балаға тез өз денесін батыл меңгеру үшін ғана емес,сонымен қатар саусақтарын икемділігін қамтиды, оны қадағалау, талдау, талап ету сияқты қабілеттерін дамытады.

Бағдарлама бір-бірімен байланысқан түрде мектепке дейінгі балаларға аптасына 1 сағаттан өткізіліп – 32 сағатқа негізделіп жасалған.

Құрастырылған бағдарламаның мазмұны балалардың оригами өнеріне және оны игеруге деген қызығушылығына бағытталған.

Оригами өнері балалардың іс-әрекетке қызығушылығын, ынта-ықыласын арттырып, қағазбен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіреді. Бүктеу жолдарын еркін бағыттап, ой – қиялын дамытып,шығармашылыққа баулиды.

Сабақтарда берілген тақырыптар балаға өзіндік шығармашылық мүмкіншілікке орын береді, бастаған ісін аяқтауға үйретеді.

**Бағдарламаның мақсаты**

Қағаздан әртүрлі заттарды құрастыру дағдыларын қалыптастыру арқылы мектепке дейінгі балалардың қисынды ойлауын дамыту.

**Бағдарлама міндеттері:**

- қағазды бүктеу тәсілі арқылы құрастыруға үйрету,
- өзі жоспарлаған құрастыру кезеңдерін жоспарлап, құрастырушылық шешім қабылдай білу іскерлігін қалыптастыру,
- үлгі бойынша жұмыс істеудің қарапайым дағдаларын қалыптастыру;
- қарапайым бүктеу тәсілін пайдалану арқылы тапсырманы нақышына келтіре жасауын қалыптастыру,
- жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру,
- құрастырған затын безендіруге үйрету арқылы ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу,
- шығармашылық қиялы мен көркемдік талғамын дамыту;
- ұжымдық сюжеттік құрастыру сезімдерін ояту.

**Күтілетін нәтиже:**

- Қағазды бүктеу әдісі «оригами» өнері жайлы білуі тиіс;
- Үлгі бойынша жұмыс жасай білуі тиіс;
- Қарапайым бүктеу тәсілін пайдалана білуі тиіс;
- Тез әрі шапшаң қимылдап, құрастыру барысында амал-айла, танымал әдіс қолдана білуге тиіс;
- Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын пайдалана білуі тиіс.
-

**Бағдарламаның мазмұны мен құрылымы:**

- Бұл бағдарлама мектепке дейінгі балаларының бойында шығармашылық, тапқырлық, ойлау қасиеттерін қалыптастырады.
- Бағдарламаға қосымша үлгілер берілген.
- Бағдарламада пәнаралық байланыс бар, ойындар, ертегілер, өлеңдер жұмбақтар енгізілген.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

Негізгі:

1. «Оригами лучшие модели» Т.Б.Сержантова
2. Қағазбен жұмыс жасау. Ф.Жумабекова

Қосымша

3. «Оригами лучшие модели» Т.Б.Сержантова
4. Игрушки из бумаги. С.Афонькин Е.Афонькина
5. «Өзің жасап сыйла»Пер.с нем. Москва: ОЛМА-Пресс,2001 ж
6. «Жаттамақ» тақпақтар, өлеңдер – Алматы Балауса, 1994
7. Көркем әдебиет (хрестоматия) «Алматы кітап» 2011 жыл
8. Алматы 2000 жыл « Отбасында баланы мектепке дайындау».
10. Грибовская А.А., Левченко Т.А. «Народное искусство и детское творчество» Алматы Просвещение Казахстан 2007
11. А. Салихова «Оқушылардың шығармашылығын дамыту»
12. Ақ сандық, көк сандық Алматы .Жазушы, 1988

Ақпараттық:

13. www.mail.ru және www.coogle.kz сайттары
14. www.lfrompaper.narod.ru
15. www.papercraft.kokoroyari.spb.ru

**« Оригами өнері » бағдарламасының тақырыптық жоспары**

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Өтетін күні |
|---|---|---|---|
| 1 | Оригами өнері, Қағазды бүктеу | 1 | 8.09 |
| 2 | Саңырауқұлақтар Ойын ойнату | 1 | 15.09 |
| 3 | Қызанақ Ойын «Сиқырлы дорба» | 1 | 22.09 |
| 4 | Қарбыз | 1 | 29.09 |
| 5 | Сәбіз Ойын «Дәмінен тап» | 1 | 6.10 |
| 6 | Құлпынай Зоологиялық лото | 1 | 13.10 |
| 7 | Алма агомограф әдіс -тәсілі | 1 | 20.10 |
| 8 | Банан | | 27.10 |
| 9 | Зырылдауық | 1 | 10.11 |
| 10 | Ақ күшік Өлең оқу. | 1 | 17.11 |
| 11 | Ормандағы қасқыр агомограф әдіс -тәсілі | 1 | 24.11 |
| 12 | Ормандағы қу түлкі | 1 | 1.12 |
| 13 | Мысығым менің, мысығым | | 8.12 |
| 14 | Суда жүзген үйрек | 1 | 15.12 |
| 15 | Шырша ойыншықтары | 1 | 22.12 |
| 16 | Қоян | 1 | 29.12 |
| 17 | Тышқан | 1 | 12.01 |
| 18 | Аязата | 1 | 19.01 |
| 19 | Қорбанбай аю Өлең жаттау | 1 | 26.01 |
| 20 | Стакан | 1 | 2.02 |
| 21 | Бас киім Өлең оқу. | 1 | 16.02 |
| 22 | Ұшақ | 1 | 23.02 |
| 23 | Көбелек | 1 | 1.03 |
| 24 | Балапандар | | 15.03 |
| 25 | Тауық | 1 | 29.03 |
| 26 | Гүл агомограф әдіс -тәсілі | 1 | 5.04 |
| 27 | Зымыран | 1 | 12.04 |
| 28 | Бақа-бақа балпақ | 1 | 19.04 |
| 29 | Ит | 1 | 26.04 |
| 30 | Қайық | 1 | 3.05 |
| 31 | Көлде жүзген алтын балық | 1 | 10.05 |
| 32 | Мен тұратын үй | 1 | 17.05 |

## «Оригами өнері» бағдарламасының тақырыптық жоспары

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Уақыты | Бағдарламаның мазмұны | Көрнекіліктер | Пәнаралық байланыс | Көркем сөз |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Оригами өнері, Қағазды бүктеу | 1 | | Оригами өнерімен таныстыру.Балалардың іс-әрекетке қызығушылығын,ынта-ықпалын арттыру.Қағазбен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру.Бүктеу жолдарын еркін меңгеруге бағыттау.Ой-қиялын дамытып,шығармашылыққа меңгеруге бағыттау. | Үлгілер, қағаз түрлері | Қоршаған ортамен таныстыру | Ойын «Бұл қандай пішін?» |
| 2 | Саңырауқұлақтар Ойын ойнату | 1 | | Балаларға жеуге жарайтын (қозықұйрық, опята, ақ саңырауқұлақ, қайыңқұлақ, қызғылт сары саңырауқұлақ, вешенка) және улы (мухомор, поганка) саңырауқұлақтардың кейбір түрлері туралы түсінік беру.Бүктеу тәсілі арқылы саңырауқұлақ бейнесін бере білу Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. | Саңырау құлақтар муляжі, төрт бұрышты қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру | Д/ойын «Бұл қандай саңырауқұлақ?» |
| 3 | Қызанақ Ойын «Сиқырлы дорба» | 1 | | Балалардың көкөністер туралы түсініктерін кеңейту. Бүктеу тәсілі арқылы қызанақ бейнесін бере білу,ой-қиялын,зейінін дамыту.Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Көкөністерді пішініне қарап айыра білуге үйрету. | Қызанақ суреті, Көкөністер муляжі,қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру | Тал шыбығым бұралып , Бақшаларда қызарып. Тұрған ол мен-қызанақ, Күнге қарап ұялып. |
| 4 | Қарбыз | 1 | | Бақша өсімдіктері туралы білімдерін кеңейту. Оларды ерекшеліктеріне қарай ажыратып, атауларын дұрыс айтуға үйрету. Бүктеу тәсілі арқылы қарбыз бейнесін бере білу жолдарымен таныстыру. | Қарбыз суреті, қағаз,үлгі | Тіл дамыту | **Жұмбақ.** Әкеміз ала баспақ асырады, Күз келсе соямын деп асығады. Баспағым бойын шөпке жасырады. Еті қызыл, терісі жасыл әлі. (Қарбыз) |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сәбіз<br>Ойын<br>«Дәмінен тап» | 1 | | | Балалардың көкөністер туралы түсініктерін кеңейту. Бүктеу тәсілі арқылы сәбіз бейнесін бере білу жолдарын таныстыру.Көкөністерді айыра білуге үйрету. Шығармашылық ойлау мен қиялын дамыту. | Сәбіз суреті, мүляжі,қағаз,үлгі туралған көкөністер | Көркем әдебиет | Өрік,алма,шие, алша,<br>Жидек,жүзім піседі.<br>Қауын,қарбыз, қияр,сәбіз,<br>Дүкендерге түседі.<br>Астық пісіп,орақ түсіп,<br>Қырман дәнге толады.<br>Бөбектерім,айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады? |
| 6 | Құлпынай<br>Зоологиялық лото | 1 | | | Балалардың табиғат әлемінің әдемілігіне қызығушылығын арттыру. Бүктеу тәсілі арқылы құлпынай бейнесін бере білу,ой-қиялын,зейінін дамыту.Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Құлпынай суреті, қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру | Д/ойын «Қайда өседі?» |
| 7 | Алма | 1 | | | Балалардың табиғат әлемінің әдемілігіне қызығушылығын арттыру.<br>Бүктеу тәсілі арқылы алма бейнесін бере білу,ой-қиялын,зейінін дамыту.Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Алма түрлерінің суреті, мүляжі, қағаз,үлгі Агомограф әдіс-тәсілі | Қоршаған ортамен таныстыру, сурет | Апорт деген алманың<br>Таттың ба сен бал дәмін?<br>Апорт деген тәтті алма,<br>Ол өседі бақтарда.<br>Алатауда өседі ол,<br>Оған тең жоқ деседі ел. |
| 8 | Банан | 1 | | | Балаларға Африка елінде өсетін жеміс-жидектерді таныстыра отыра, бүктеу тәсілі арқылы банан бейнесін бере білу,ой-қиялын,зейінін дамыту.Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Бананның адам денсаулығына пайдалы екенін түсіндіру.Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Банан муляжі,суреті,сары түсті қағаз | Қоршаған ортамен таныстыру, сурет | Д/ ойын «Сиқырлы дорба» |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Зырылдауық | 1 | | | Қағазды қатпарлап бүктеуге, қағаздан құрастыру әдістерін қолданып көлемді формадағы жазық материалды өзгерту іскерліктерін бекіту.<br>Саусақ икемділігін жетілдіру. | Сурет, төртбұрышты қағаз,тіс шұқитын ағаш., қуыршақ | Қоршаған ортамен таныстыру | Ойын «Қуыршаққа арналған зырылдауық» |
| 10 | Ақ күшік Өлең оқу. | 1 | | | Балалардың «оригами» әдісімен жұмыс жасау іскерлігін жалғастыру.<br>Күшік бейнесін қағаздан бүктеп жасауға үйрету.<br>Үлгі бойынша жұмыс істеудің қарапайым дағдаларын қалыптастыру.<br>Үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | Күшіктің суреті, қағаз,үлгі | Тіл дамыту | **Ақ күшік.**<br>Итаяқтан ақ күшік<br>Жуындыны жатты ішіп.<br>Мысық келіп жанына:<br>-Бар-ма-ау,-деді,-тағы да?<br>-Баррр,беррр-меймін б-акта-<br>Деді күшік ұнатпай.<br>«Дос болыппын текке-деп,<br>Қалды мысық өкпелеп. |
| 11 | Ормандағы қасқыр | 1 | | | Балаларға жабайы жануарлар туралы түсіндіре отыра,қасқырды басқа аңдардан айыра білуге үйрету<br>Бүктеу тәсілі арқылы қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеу, түрлі бағытта, тегістеп бүктеу іскерліктеріне үйрету.<br>Ұжымдық сюжеттік құрастыру сезімдерін ояту. | Қасқырдың суреті, қағаз,үлгі | Тіл дамыту | Д/о «Кім қалай дыбыстайды» |
| 12 | Ормандағы қу түлкі | 1 | | | Бүктеу тәсілін одан әрі қалыптастыру.Қағазбен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру.Бүктеу жолдарын еркін меңгеруге бағыттау.Ой-қиялын дамытып,шығармашылыққа меңгеруге бағыттау. | | Көркем әдебиет | «Қу түлкі» ертегісін оқып беру.<br>Ойнату. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | Мысығым менің, мысығым | 1 | | Қағазды бүктеу тәсілі арқылы мысық бейнесін жасау жолымен таныстыру. Үй жануарларының адам өміріне қажеттілігін, оларды өсірудің маңыздылығын түсіндіру. Үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу | Мысықты ң суреті, қағаз,үлгі | Тіл дамыту | Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады. (Мысық) Көп жұмысты күнімен Келгендей-ақ «қиратып», Отыр мысық тілімен Үш тал мұртын ширатып. |
| 14 | Суда жүзген үйрек | 1 | | Балалардың табиғат әлемінің әдемілігіне қызығушылығын арттыру. Бүктеу тәсілі арқылы «үйректің бейнесін бере білу,ой-қиялын,зейінін дамыту.Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Үйректің суреті, қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру, музыка | Би «Шөжелерім» |
| 15 | Шырша ойыншық тары | 1 | | Балаларды жаңа жыл мерекесіне дайындалып,өз қолдарымен жасаған ойыншықтарын шыршаға іліп іске асыруға үйрету. Қағазды бүктеу тәсілі арқылы жаңа жыл ойыншықтарын жасап үйрету. Өөз еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу | Шырша суреті, қағаз,үлгі | Ойын | Ойын «Шыршаны әдемілейік» |
| 16 | Қоян | 1 | | Балалардың «оригами» әдісімен жұмыс жасау іскерлігін жалғастыру.Қағазды бүктеу тәсілі арқылы қоян бейнесін жасау жолымен таныстыру.Жабайы аңдардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Қоянның суреті, қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру | Ақ, қоянмын, қоянмын Үркек қоян, са қоян. Дыбыс шықса қашамын Белдерден бірақ асамын. Орғыған қорқақ көзі еді Қыс пен жазда түрлі тон киед |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | Тышқан | 1 | | Қағазды бүктеу тәсілі арқылы тышқан бейне-сін жасау жолымен таныстыру. Үй жануарлары-ның адам өміріне қажеттілігін, оларды өсірудің маңыздылығын түсіндіру. | Тышқанның суреті,қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру, ойын | Ойын «Мысық пен тышқан» |
| 18 | Аязата | 1 | | Қыс мезгіліндегі болатын ерекшеліктерді байқата отырып, қағазды бүктеу тәсілі арқылы Аязатаны жасау жолымен таныстыру. Жаңа жылдық мереке туралы түсініктерін әрі қарата қалыптастыру.Ой-қиялын дамытып,шығарма шылыққа меңгеруге бағыттау. | Жаңа жылдық Суреттер, шаршы пішінді қызыл түсті қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру | Аппақ тоңға оранып Базарлықты мол алып Келді алыс сапардан Кім екенін айтыңдар. |
| 19 | Қорбаңба й аю Өлең жаттау | 1 | | Балалардың «оригами» әдісімен жұмыс жасау іскерлігін жалғастыру.Қағазды бүктеу тәсілі арқылы аю бейнесін жасау жолымен таныстыру.Жабайы аңдардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. | Аюдың суреті, қағаз,үлгі | Тіл дамыту | **Аю.**<br>Үңгірі-эсем шатырды,<br>Демес оны «тар мекен».<br>Алты ай ұйықтар батырды<br>Көргендерің бар ма екен.<br>Жүреді аңдар жоламай,<br>Алысқанын қан қылар.<br>Қонжықтары баладай<br>Жидек құмар,бал құмар.<br>Оны жыртқыш аң дей ме,<br>Бар ма тартар жазасы?<br>«Жасыл орман-зың бейне,<br>Аю оның қожасы».<br>Беріп жүр ол кімге есе,<br>Байқа-мейлі,байқама.<br>Дана халық білмесе<br>Өлгіндей сөз |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | айта ма! |
| 0 | Стакан | 1 | | Балаларды күнделікті қолданатын тұрмыстық заттарды қағазды бүктеу тәсілі арқылы «стакан» бейнесін жасау жолымен таныстыру. Шығармашылық ойлау мен қиялын дамыту. Саусақ икемділігін жетілдіру. | Стакан,қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру | Д/ ойын «Неден жасалған?» |
| 21 | Бас киім Өлең оқу. | 1 | | Бөліктерге қиғаштай бөлінген (бұрыштарының басын дәл қосу) ұсақ-түйектерді дайындауда шаршы қағазын бүктеу іскерліктерін қалыптастыру. | Бас киім түрлерінің суреті, қағаз,үлгі | Тіл дамыту | **Бас киім.** Қ.Мырза Әли Алты ай жазда жүйелі Ағам кепкі киеді. Дөңгеленген жиегі Әкем қалпақ киеді. Атам қабақ түйеді, Көк тақия киеді. Мен атамды сүйемін. Тек тақия киемін. Қыста бәрін шешеміз, Құлақшынға көшеміз. |
| 22 | Ұшақ | 1 | | Балалардың көлік түрлері жайындағы ұғымдарын жетілдіріп, зымыранды жасау іскерліктерін меңгерту.Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Бастаған жұмысты аяқтауға,ыждағаттылыққа тәрбиелеу. | Ұшақ суреті, қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру | Көлдерді көктей өт, Тауларға жетпей өт! Бұлттарды жарып ұш, Бұлттан да әріге ұш! Тоқтаусыз тетеле, Жетейік |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | көкеме... |
| 23 | Көбелек | 1 | | Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеу арқылы көбелек бейнесін жасау жолын таныстыру. Бүктеп құрастырған затын безендіруге үйрету арқылы ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. | Көбелект ердің суреттері, қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру | Көбелек-ау, көбелек, Әдемісің керемет! Гүлге келіп қона ғой, Өзің де гүл бола ғой. |
| 24 | Балапан дар | 1 | | Балалардың табиғат әлемінің әдемілігіне қызығушылығын арттыру. Бүктеу тәсілі арқылы балапандардың бейнесін бере білу,ой-қиялын,зейінін дамыту.Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу | Балапан дардың суреті,қағаз, үлгі Қызыл түсті қағаз, желім, қайшы | Қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру | Ән тыңдау «Шип-шип Шөжелерім» |
| 25 | Тауық | 1 | | Балалардың табиғат әлемінің әдемілігіне қызығушылығын арттыру. Бүктеу тәсілі арқылы тауықтың бейнесін бере білу,ой-қиялын,зейінін дамыту.Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Тауықтың суреті, қағаз,үлгі | Тіл дамыту | Ақ тауық-ау, ақ тауық, Ақ тауық неден қақсауық? Ертемен қыт-қыттайды, Ауламыздан шақпайды. «шеп-шеп» десем,келмейді Берген жемді жемейді, «ауруы қандай қауіпті?»- Деп аяймын тауықты. Аяп жүрсем тауықты, Ақ жұмыртқа тауыпты! |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 26 | Гүл | 1 | | Балалардың табиғат әлемінің әдемілігіне қызығу-шылығын арттыру. Бүктеу тәсілі арқылы гүл бейнесін бере білу,ой-қиялын,ейінін дамыту. Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Гүл түрлері нің суреттері, қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру | Көктем гүлі - даланың Десек сәні, Ажары, Бүлдіршіндер-Ананың Қуанышы - бізары |
| 27 | Зымыран | 1 | | Балалардың табиғат әлемінің әдемілігіне қызығу-шылығын арттыру. Бүктеу тәсілі арқылы зымы-ран бейнесін бере білу,ой-қиялын,ейінін дамыту. Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ғарышкерлер туралы білімдерін пысықтау. Ғарышкер мамандығын құрметтеуге тәрбиелеу | Зымыранның суреті,қағаз, үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру | Машинамын – көлікпін, Мамандарға-көніктім. Зымыранмын-самғаймын, Мен сендерден қалмаймын. Менімен кім достасса-Сол ұшады ғарышқа. |
| 28 | Бақа-бақа балпақ | 1 | | Балалардың «оригами» әдісімен жұмыс жасау іскерлігін жалғастыру.Қағазды бүктеу тәсілі арқылы «бақа» бейнесін жасау жолымен таныстыру. Тірі табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | Бақаның суреті, қағаз,үлгі | Қоршаған ортамен таныстыру | Бақа,бақа, бақ,бақ, Таңдайлары тақ-тақ. Бәрі бірдей Тақпақ Жатқандай-ақ жаттап. |
| 29 | Ит | 1 | | Қағазды бүктеу тәсілі арқылы «ит» бейне-сін жасау жолымен таныстыру.Үй жануарлары-ның адам өміріне қажеттілігін, оларды өсірудің маңыздылығын түсіндіру. | Иттің суреті, қағаз,үлгі | Тіл дамыту | **Жұмбақ.** Адамға серік, Күзетке берік. Бұл не? |
| 30 | Қайық | 1 | | Балаларды су көлігі қайықты қағазды бүктеу тәсілі арқылы жасау жолымен таныстыру.Көлік түрлерін ажырата білуге үйрету. Шығармашылық ойлау мен қиялын дамыту. | Қайық түрлерінің суреттері, | Қоршаған ортамен таныстыру, ойын | Ойын «Кімнің қайығы озады?» |
| | | 1 | | Балалардың «оригами» әдісімен | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 31 | Көлде жүзген алтын балық | | | жұмыс жасау іскерлігін жалғастыру.Қағазды бүктеу тәсілі арқылы «балық» бейнесін жасау жолымен таныстыру. Су тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. | Балық түрлерінің суреттері | Қоршаған ортамен таныстыру | Қызықтырып әрімді-ақ, Суда жүзер жалтылдап. Сол жәндіктің атын тап. |
| 32 | Мен тұратын үй | 1 | | Бүктеу тәсілі арқылы «аққу» бейнесін бере білу,ой-қиялын, зейінін дамыту.Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. | Үйлердің суреті | Қоршаған ортамен таныстыру | **Зәулім үйлер. Г.Өкеев** Қалаушы да табылды, Үй салынды, жабылды. Қосып құмға лайды, Сылақшылар сылайды. Терезе, есік, еден, Қиюласты әдемі. Құрылысшы боламыз, Зәулім үйлер саламыз. |